

ОӘЖ 336.647

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ НЕГІЗІНДЕ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУ

Серкибаева Айгерим Канатовна

aigera.serkibaeva97@gmail.com

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Жағыпарова А.О.

Мемлекеттің шығыстарын басқару бюджеттік саясаттың маңызды бөлігі болып табылады және бюджеттік үдерістің жағдайымен, бюджетті жоспарлау, бекіту және атқару тәртібімен, сонымен қатар оның атқарылуын бақылаумен анықталады. Бағдарламалық-мақсатты бюджеттеу және мемлекеттік аудитті енгізу - өзара байланысты үдерістер екендігі сөзсіз. Бюджеттік қаражаттарды тиімді басқару және пайдалану мақсатында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізіледі. Мемлекеттік аудит бюджеттің орындалуының соңғы қадамы болып табылады және оның қорытындысы бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталып, жойылады немесе оларды алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңына сәйкес, мемлекеттік аудит – тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген, бюджеттік қаражатты, мемлекет, мемлекеттік аудит объектілерінің активтерін, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен, оның ішінде бюджетті атқаруға байланысты басқа қызметпен тартылатын қарыздарды басқару және пайдалану тиімділігін талдау, бағалау және тексеру[1].

Мемлекеттік аудит - бұл қаржылық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ тәуекелдерді басқару бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстар негізінде пәрменді ұсынымдар бере отырып, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын аудит объектілері қызметінің тиімділігін тұтас және тәуелсіз бағалау[2].

Қарастырылған анықтамаларға сәйкес, мемлекеттік аудит бюджеттік қаражаттарды мақсатқа сай пайдаланбау тәуекелдерін төмендететін негізгі құрал болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит туралы комитеті орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерік есеп пен қаржылық есептілік саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын орган болып табылады. Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің территориялды бөлімшелерінің қатарына жатады.

Кесте 1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті жүргізген аудит шаралары бойынша бақылау қорытындылары туралы мәлімет, млрд. теңге

Көрсеткіштердің атауы	2016 ж	2017 ж	2018 ж
Жүргізілген аудит шараларының саны	137	152	186
Аудитпен қамтылған бюджет қаражатының сомасы	186,8	235,9	286,8
Анықталған бұзушылықтар сомасы, барлығы	71,9	63,8	90,9
ішінде:			
Қаржылық бұзушылықтар	18,2	15,3	19,6
Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар	21,4	15,9	21,7
Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу	32,3	32,6	49,6
Қалпына келтіруге, бюджетке өтеуге, есеп бойынша көрініс табуға және сәйкестікке келтіруге жататын сома, барлығы	17,5	15,2	19,2
Оның ішінде қалпына келтірілгені, бюджетке өтелгені, есеп бойынша көрініс тапқаны және сәйкестікке келтірілгені, барлығы	15,6	14,1	18,5
Ескерту: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2016-2018 жж. жүргізілген аудиторлық шаралары туралы есебі.			

2018 жылда Департаментпен 186 аудиторлық іс-шаралар жүргізілді (олардың ішінде 72 мемлекеттік мекемелер және 114 шаруашылық жүргізуші субъектілер), мұнда аудитпен қамтылған бюджеттік қаражаттар сомасы 286,8 млрд.теңгені құрады.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралар нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 90,9 млрд. теңгені құрады, олардың ішінде қаржылық бұзушылықтар 19,6 млрд. теңгеден асты немесе анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасының 21,5%-ын құрады, рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар – 21,7 млрд. теңгеге немесе анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасының 23,9%-на тең болды және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу 49,6 млрд. теңгені немесе анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасының 54,6%-ын құрады.

Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасының ішінде бюджеттің кіріс бөлігіне 602,1 млн. теңге сомасы өтелуге, 18,6 млрд. теңге жұмыстар мен қызметтерді жүзеге асыру арқылы қалпына келтірілуі тиіс.

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқаманы орындау мақсатында, 18,5 млрд. теңге сомасын қалпына келтіру, есепке алу бойынша көрсету және бюджетке өтеу қамтамасыз етілді (бюджет кірісіне 504,8 млн. теңге өтелді және жұмыстар мен қызметтерді орындау және есепке алу бойынша көрсету арқылы 17,9 млрд. теңге қалпына келтірілді).

Бюджетті өтеу және жұмыстар мен қызметтерді орындау арқылы қалпына келтіру бойынша қалған сомаларға қылмыстық, соттық және кінәрат-қуыным жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның прокуратура органдарымен және қылмыстық қудалау органдарымен өзара әрекеттестігі шеңберінде Департамент қызметкерлері тартылған мамандар ретінде 80 тексерістерге қатысты, олардың барысында жалпы сомасы шамамен 12,1 млрд. теңгеге тең бұзушылықтар анықталды, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың бұзулуы 7,1 млрд. теңгені құрады.

Жіберілген бұзушылықтар бойынша тәртіптік жауапкершілікке 117 лауазымды тұлғалар аудит объектілерімен жауапқа тартылды.

Осылайша, есеп беру кезеңінде аудит объектілерінің уәкілетті тұлғаларына қатысты қозғалған әкімшілік істері бойынша жалпы сомасы 26,1 млн. теңгеге тең айыппұлдар салынды, олардың ішінде бюджетке 24,3 млн. теңге немесе 93,1%-ы түсті.

Сонымен қатар, қылмыстық жаза қолданылатын әрекеттер белгілерінің болуына байланысты, іс жүргізушілік шешімді қабылдау үшін 35 аудиторлық материалдар құқық қорғау органдарына тапсырылды, олардың ішіндегі 10 материал бойынша қылмыстық істер қозғалды.

Өткен 2019 жылдың кезеңі бойынша департаментпен келесі жұмыстар жүргізілді:

- 34 аудиторлық іс-шара жүргізілуде (қарсылықтағы және сапаны бақылаудағы аудит материалдарын ескере отырып).

- құқық қорғау органдарының сұратымдары негізінде 15 тексеріс бойынша қорытынды беру үшін мамандар ретінде тартылды.

Сонымен қоса, бүгінгі таңда 3 423,1 млн. тг. сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталды, соның ішінде 1 112,9 млн. тг. сомасында бюджетке өтеуге, 2 310,2 млн. тг. сомасында қалпына келтіруге тиіс, жалпы сомасы 3 423,1 млн. тг.-ге толық өтелді және қалпына келтірілді.

Сондай-ақ, ҚР АШМ-нің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінде жүргізілген аудиторлық іс-шаралар бойынша, алдын-ала бүгінгі күнге 4 млрд. теңгеден астам өтеуге жататын бұзушылықтар анықталды.

Жалпы, мемлекеттік аудитті жүргізу органдары өз қызметін жүзеге асыру барысында көптеген мәселер пайда болады. Олардың бірі "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудиттің мақсаты бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың мен пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Алайда, бүгінгі күні мемлекеттік аудит органдарына қаржылық бақылау функциялары, ден қою шараларын қабылдау және олардың орындалуын бақылау жүктелген.

Осыған байланысты, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына аудит жүргізу, бұзушылықтардың себептері мен салдарын талдау бойынша функцияларды, сондай-ақ аудит объектілерінің қызметін жақсартуға және оларды аудит объектілерінің бірінші басшыларына енгізе отырып, түпкілікті нәтижеге тиімді қол жеткізуге бағытталған нақты ұсынымдар әзірлеуді бекіту орынды деп санаймын. Сонымен бірге, мемлекеттік аудит органдарынан осы аудит объектілерінің нұсқамаларды, ұсынымдарды орындауын бақылау және қадағалау функцияларын, кінәрат-қуыным жұмысын жүзеге асыру, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіптік, әкімшілік және басқа да жауапкершілік түрлеріне тарту жөнінде шаралар қабылдау құқығы алынып тасталсын. Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудиторлық ұйымдарға жүргізілген аудит нәтижелері бойынша қалыптастырылған ұсынымдардың орындалуын бақылау бөлігіндегі қадағалау функциялары берілмеген.

Мерзімдерді белгілеу және ұсынымдарды жоспарлы орындау мемлекеттік орган туралы ережеде көзделген және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" ҚР Заңымен реттелетін функционалдық міндеттері шеңберінде аудит объектілерінің бірінші басшыларының айрықша құзыреті болып табылады.

Ұсынылып отырған шаралар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудит объектілерімен өзара қарым-қатынастарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал ететін болады.

Екінші мәселе, Ішкі аудит қызметтері қызметінің негізгі мақсаты мемлекеттік органның басшысына мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, аумақтарды дамыту бағдарламаларына қол жеткізуде көмек көрсету, мемлекеттік органның басшысына мемлекеттік органды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге, тәуекелдерді басқару

жүйесіне негізделген бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқару мен пайдаланудың тиімділігін арттыруға арналған тәуелсіз және объективті

Ішкі аудит қызметтері міндеттерінің бірі қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығын, мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырудың ішкі үдерістерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау және тексеру болып табылады.

Бюджет қаражатын пайдаланудың және бюджет қаражатын игеру бойынша бұзушылықтардың ықтимал себептеріне уақтылы ден қою, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатында бірінші кезеңде Ішкі аудит қызметтеріне нормативтік тәртіппен ведомстволық ұйымдардың заңды және жеке тұлғаларының мемлекеттік сатып алу, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша өтініштерін қарайтын органның мәртебесін беру, сондай-ақ камералдық бақылауды жүзеге асыру құқығын беру ұсынылады.

Өтініштер тиісінше қаралмаған жағдайда, екінші кезеңге ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі белгіленсін.

Сонымен бірге, үшінші кезеңге өтініштерді қарау кезіндегі іс-әрекетке немесе әрекетсіздікке ішкі аудит жөніндегі орталық уәкілетті органды айқындау.

Бұл ретте ден қою шараларын толыққанды қабылдау үшін, Ішкі аудит қызметтері не нормативтік тәртіппен, орындау үшін міндетті болып табылатын және орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы, облыс, республикалық маңызы бар қала әкімі немесе жергілікті атқарушы органның қаулысымен бекітілетін, анықталған бұзушылықтарды жою туралы акт (бұйрық, шешім, хабарлама немесе нұсқама) шығару құқығын беру қажет.

Осы шаралар Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері қарайтын өтініштердің санын азайтуға мүмкіндік береді және ішкі аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне кіретін аудиторлық іс-шараларды жүргізу бойынша неғұрлым тиімді жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшінші мәселе, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша Бірыңғай дерекқорды пайдалануды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық жүйелерін интеграциялау қажет. Бүгінгі күні интеграцияның болмауына байланысты мемлекеттік аудит органдарының Бірыңғай дерекқорға қолжетімділігі жоқ.

«Ақпараттандыру туралы» Заңға сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесін ғана пайдалануға міндетті. «Ақпараттандыру туралы» Заңның 44-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік емес ақпараттық жүйенің мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграциясы тек қана «Электрондық үкімет» шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ұсынамын:

- Орталық деңгейде республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етудің Бірыңғай мемлекеттік операторын құру;

- «Ақпараттандыру туралы» Заңның 66-бабына және Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптардың 85-87 тармақшасына сәйкес мемлекеттік аудит органдарының ақпарат жүйелерінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сәйкестігіне аттестаттау жүргізу;

- «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның 12-бабына сәйкес мемлекеттік аудит жөніндегі бірыңғай дерекқорды дамытуды, жұмыс істеуін, қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз ету жүктелген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жоғары органы ретінде Есеп комитетіне Бірыңғай мемлекеттік оператордың қызметін үйлестіруді бекітіп беру;

- Мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті ақпаратты жинау және талдау үдерістерін автоматтандыру мақсатында мемлекеттік аудит органдарының ақпараттық жүйесін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды қамтамасыз ету.

Осы шараларды қабылдау ақпараттық жүйенің жұмыс істеуіне бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге, сондай-ақ тексеру іс-шараларының санын қысқартуға ықпал етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы үшін бюджеттік жоспарлау, сонымен қатар бюджеттің атқарылу мәселелері әлі де өзекті болып табылады. Экономикалық тұрақсыздық жағдайында мемлекеттік кірістер мен шығыстардың жүйесін қайта қарау, бюджеттің кіріс бөлігін арттыру, салық салу саласының ашықтығы, шығындарды оңтайландыру және бюджеттік қаражаттарды тиімсіз пайдалану жұмыстары жүргізілуі тиіс. Осы тұрғыда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына аса мән берілу қажет, себебі олар бюджеттік қаражатты пайдаланушылардың қаржылық тәртібін қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" № 392-V Заңы.
2. Степашин С. Государственный аудит. -УП Принт, М.: 2010, 8 стр.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2016-2018 жж. жүргізілген аудиторлық шаралары туралы есебі.